

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1311 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 1215 Қаулысы

Экологиялық қауіпсіздікті, халықты денсаулыққа қауіпті радиоэкологиялық әсерлерден қорғауды, консервацияланған (таратылған) жұмыс істемейтін кеніштердің сақталуы мен радиациялық мониторингін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Уранликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1311 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:  
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақмола облысының N 3 (Заозерный кенті), N 4 (Красногор кенті) және Солтүстік Қазақстан облысының N 5 (Саумалкөл кенті) уран өндіруші кеніш басқармаларының объектілерінде және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша экологиялық қауіпсіздікті және халықты денсаулыққа қауіпті радиоэкологиялық әсерлерден қорғауды қамтамасыз ету үшін жұмыс істемейтін уран кеніштерін консервациялау, оларды және уран кен орындарын игерудің зардаптарын жою, техногендік уран қалдықтарын көму жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында, сондай-ақ Қазақстанның уран өнеркәсібінің консервацияланған жұмыс істемейтін кәсіпорындарының шұрайландырылғаннан (таратылғаннан) кейінгі мониторингі мен мемлекеттік мүлкінің сақталуын және олардың мақсатты қаржыландырылуы мен бюджет қаражатын пайдалануын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** ";

1 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"шығынды" деген сөз "жұмыс істемейтін" деген сөздермен ауыстырылсын; мемлекеттік тілдегі мәтінде "аймақта қоршаған табиғи ортаның экологиялық тепе-теңдігін" деген сөздер "Қазақстан Республикасында қоршаған экологиялық тепе-теңдікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кайта культивациялау" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес республикалық бюджеттің қаражаты есебінен консервацияланған уран кеніштерінің шұрайландырылғаннан (таратылғаннан) кейінгі мониторингін жүзеге асыру және оларды қорғау" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:



- тауарлық кені аз уран кенінің үйіндісі және  
N 8 шахтаның оқпаны;

- N 1 шахтаның оқпаны.

N 3 кеніш - тауарлық кені аз уран кенінің үйіндісі;  
- тауарлық және тауарлық кені аз уран кені  
қоймаланған жинағыш-тоған;

- N 2, 3, 4, 5 шахталардың оқпандары.

N 5 кен басқармасы

N 12 кеніш - N 1 және 2 тауарлық кені аз уран кенінің  
үйінділері;  
- аралас үйінді;  
- "Г" және "В" шахталарының оқпандары;  
- тиеу алаңынан таразы ғимаратына дейінгі  
темір жолдың төгіндісі.